

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

2. «Заманауи қойманы басқару» XVI практикалық конференциясының қорытындысы [Электронный ресурс] URL: <https://kazlogistics.kz/kz/news/new/7> 2015
3. Ивановский А. В. Формирование логистической системы предприятия с учетом жизненного цикла производимых товаров (На примере легкой промышленности) [Электронный ресурс] URL: <http://www.dslib.net/economika-hoziajstva/formirovanie-logisticheskoy-sistemy-predpriyatija-s-uchetom-zhiznennogo-cikla.html>
4. Логистика организаций промышленности [Текст] // Методические рекомендации к практическим занятиям для студентов специальности 1-25 80 01 «Экономика» очной и заочной форм обучения – Негосударственное образовательное учреждение высшего образования «Белорусско-Российский университет» № 1/156 от 07.03.2019.

УДК 33.338

ЖЕКЕ СЕКТОРДЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ЫНТАЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Сауелов Жанарыс Қалмұратұлы

sauelov2002@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының

3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент м.а. Әбенев Е.М

Америкалық белгілі кәсіпкер Стив Джобс кезінде «Көшбасшыны оның ізбасарларынан ерекшелендіретін нәрсе – инновация» деген болатын.

Инновация жаңалық деген мағынаны білдіреді. Кең мағынада инновация – еңбек өнімділігін немесе өнім сапасын арттыруға ықпал етуші жаңа технология, жаңа әдіс. Әлеуметтік-экономикалық жағдайға оң әсер ету мүмкіндігі инновацияны мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сипаттай алатын көрсеткіштердің бірі деп санауға негіз бола алады.

«Инновация» терминін ғылымға енгізген австриялық экономист Й. Шумпетер жаңашыл кәсіпкерлер нарыққа жаңа өнім енгізе отырып экономикалық тұрақтылықты бұзады деп есептеген. Бәсекеге қабілетсіз болмас үшін өзге кәсіпкерлерде жаңалық әкелуге тырысады[1]. Осындай үрдістің нәтижесінде бәсекелестік күшейіп инновацияға деген талаптар күшейе түсті.

Қазіргі таңда мемлекеттер инновациялық қызмет үшін ұлттық инновациялық жүйе қалыптастыруда. Ұлттық инновациялық жүйе – инновациялық қызметті жүзеге асыруға бағытталған субъектілер мен институттардың жиынтығы. Бұған ЖОО, зерттеу орталықтары, технопарктер, венчурлық қорлар, даму институттары және т.б. кіреді. Ұлттық инновациялық жүйе білікті кадрларды, мемлекеттік реттеуді, материалдық-техникалық базаны және капиталды қажет етеді. Сондықтан инновация ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстармен (әрі қарай ҒЗТКЖ) тікелей байланысты.

1-кесте. ҚР-ның инновациялық белсенділігі.

Жыл	2017	2018	2019	2020	2021	2022
ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар, млн.теңге	68 884,2	72 224,6	82 333,1	89 028,7	109 332,7	121 560,1
Инновациялық өнімдердің (тауарлар,	1,55	1,72	1,60	2,43	1,71	*

көрсетілетін қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі, %						
Ескертпе – [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылған * – жарияланбады.						

Біздің елімізде ҒЗТКЖ-ға жұмсалған шығындар қарқынды түрде артып келеді. 2017 жылы ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар 68,884 млрд.теңгені құраса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 1,76 есе өскен. 2020-жылы дүние жүзіндегі эпидемиялық ахуалға байланысты пандемияның жарияланғанына қарамастан, бұл көрсеткіш 2,43-ті құраған болатын. Дегенмен, пандемия өзінің теріс әсерін көрсетіп, 2021-жылы инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесі 1,71-ге дейін қысқарды.

2-кесте. Бірқатар мемлекеттің инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесі, %.

Жылдар	2016	2017	2018	2019	2020
Австрия	3,12	3,06	3,09	3,13	3,20
Бельгия	2,52	2,67	2,86	3,16	3,48
Қытай	2,10	2,12	2,14	2,24	2,40
Германия	2,94	3,05	3,11	3,17	3,14
Финляндия	2,72	2,73	2,76	2,80	2,94
Франция	2,22	2,20	2,20	2,19	2,35
Израиль	4,51	4,66	4,80	5,14	5,44
Жапония	3,11	3,17	3,22	3,20	3,26
Корея	3,99	4,29	4,52	4,63	4,81
Швеция	3,25	3,36	3,32	3,39	3,53
АҚШ	2,85	2,90	3,00	3,17	3,45
Ескертпе – [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған					

Бірқатар дамыған, дамушы елдердің статистикасын зерттейтін болсақ, 2016-2020 жылдар аралығында Израильдегі инновациялық өнімдердің ЖІӨ-дегі үлесі ең жоғарғы мәнге ие екендігін аңғаруға болады. Елдің айналасындағы геосаяси жағдай өзін қорғау үшін әскери техниканы дамытуға итермеледі. Кореяда электротехника, құрылыс, машина жасау ісі, ал Жапонияда кеме жасау, роботехника, машина жасау секілді салалар жақсы дамыған.

Мемлекеттік бюджет созылмалы емес, сондықтан мемлекет жеке сектордың капиталын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін тартуға тырысады. Шет елдік табысты тәжірибелерді зерттейтін болсақ, инвесторлар мен жеке меншік компаниялардың инновациялық процеске жұмсайтын шығындарының мемлекеттік сектордан көбірек болуы қалыпты жағдай екеніне куә боламыз.

3-кесте. Әлем елдерінің 2019-жылы ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындарды қаржыландыру көздері.

ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындарды қаржыландыру көздері, %	Корпоративтік сектор	Мемлекеттік сектор	ЖОО	Жеке қоғамдық сектор	Шет ел
Бельгия	64,3	17,8	2,6	0,6	14,7
Қытай	76,3	20,5	-	-	0,1

Германия	64,5	27,8	-	0,4	7,4
Финляндия	54,3	27,8	0,7	1,7	15,5
Франция	56,7	31,4	2,9	0,9	8,1
Жапония	78,9	14,7	5,2	0,6	0,6
Корея	76,9	20,7	0,5	0,3	1,6
Швеция	62,4	24,2	0,9	3,4	8,8
Ескертпе – [4] әдебиет негізінде автормен құрастырылған					

Бизнес өкілдері максималды пайда алуға тырысатындықтан, инновациялық қызметпен айналысу үшін мемлекет инновациялық инфрақұрылым дайындайды. Оларға жеңілдіктер ұсынады, гранттар береді және өзге де ынталандырушы шараларды жүзеге асырады. Осындай әрекеттердің нәтижесінде ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындарды қаржыландыру көздері бойынша корпоративтік сектор Германияда 64,5%-ға, Кореяда 76,9%-ға, Жапонияда 78,9%-ға жетті.

4-кесте. 2022-жылғы ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындарды қаржыландыру көздері, мың.теңге.

ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындарды қаржыландыру көздері, мың.теңге	ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар, барлығы	меншікті қаражат	республикалық бюджет	жергілікті бюджет	шетелдік қаражаттар	өзге де қаражаттар
Қазақстан Республикасы	121 560 095,7	28 048 983,9	81 512 034,4	440 803,5	2 822 307,7	8 735 966,2
Ескертпе – [2] әдебиет негізінде автормен құрастырылған						

Ал біздің елімізде инновацияны, ғылымды қаржыландыруда мемлекеттік сектордың үлесі басым. 2022 жылғы ҒЗТКЖ-ға жұмсалған ішкі шығындарды қаржыландыру көздерін талдайтын болсақ, жалпы 121,560 млрд.теңгенің ішінде тек 28,048 млрд.теңге немесе 23,07%-ы жеке сектордың қаржыландыруымен жүзеге асқан. Капитал иелерінің инновацияны дамытуға қызығушылық танытпауы мемлекеттік бюджетке салмақ түсіруде. Жоғарыда аталған елдер бұндай көрсеткіштерге қалай жетті? Осы сұраққа жауап еліміздің инновациялық әлеуетін пайдалануға мүмкіндік бермек.

Инновациялық қызметті ынталандырудың тиімді құралдарының бірі зияткерлік меншік құқығы болып табылады. АҚШ-ның Қазақстандағы экс-консулы Эрик Майер өзінің сұхбаттарының бірінде «Қазақстанда инновациялық технологиялардың нашар дамуының себептері зияткерлік меншікке құқықтарды іс жүзінде іске асырудың нашарлығымен байланысты. Бірақ, елдегі зияткерлік меншікті қорғаудың заңнамалық базасы өте күшті» деген болатын[5]. Мен бұл пікірмен толықтай келісемін. Ғаламтор желісінде кең таралған «қарақшылық» материалдар бұған дәлел бола алады. ҚР ҚК-нің авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу туралы 198-баптың 1-тармағына сәйкес құқық бұзушы 80 АЕК(2023 жылы 1 АЕК 3450тг,) дейінгі мөлшерде айыппұл төлейді немесе 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады. Ғалымдар мен өнертабыс иелері өздерінің интеллектуалды меншігінің қорғалғанына немесе қорғалатынына сенімді болуы керек.

Салықтық жеңілдіктер, оның ішінде ғылыми-техникалық прогресті, экспортты және инновациялық бизнестің іскерлік белсенділігін ынталандыруға бағытталған жеңілдіктер маңызды рөл атқарады. Жеңілдік мөлшері Жапонияда 5,3% (Электрондық техника мен жабдықтар үшін), Ұлыбританияда 50% (жаңа техниканы, технологияны, материалдарды

пайдаланудың 1-ші жылы үшін) құрайды. АҚШ-та инвестицияларға салықтық жеңілдік тек энергетикалық жабдыққа қолданылады. Нидерланды, Норвегия, Австрия, Малайзия сияқты бірқатар елдерде энергетика саласының кәсіпорындары ҒЗТҚЖ шығындарын салық салынғанға дейінгі пайдадан толығымен алып тастайды [6]. Израиль инновациялық өнімнің ЖІӨ-дегі үлесі ең жоғары мемлекет. Израильдің технологиялық жетістіктері көбінесе ең жаңа әскери жабдықтардың дайындалуымен байланысты. Өйткені әскери бөлімнің тапсырысы бойынша жүзеге асырылатын көптеген әзірлемелер халық шаруашылығы саласында да қолданылуда [7].

Бұл тәжірибелерді тиімді қолдану еліміздің инновациялық қызметінің жандануына, ҒЗТҚЖ-ға жұмсалатын шығындардың артуына, сәйкесінше бәсекеге қабілетті болуға септігін тигізетін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. С.Т. Купушев. Инновациялық менеджмент оқулық // Алматы, «Дәуір», 2011, 202 бет
2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы: stat.gov.kz
3. Research and development expenditure (% of GDP):
<https://data.worldbank.org/indicator/GB.XPD.RSDV.GD.ZS?end=2021&start=1996&view=chart>
4.
https://www.statistik.at/fileadmin/pages/286/F_E_2019_im_internationalen_Vergleich.pdf
5. АҚШ-ның Қазақстандағы экс-бас консулының сұхбаты:
<https://inbusiness.kz/ru/news/pravovaya-baza-v-oblasti-intellektualnoj-sobstvennosti-v-kazahstane-silnaya-no-est-problemy-s-ee-ispolneniem>
6. Т.Г. Горустович: [Зарубежный опыт стимулирования инновационной деятельности \(bsatu.by\)](http://bsatu.by)
7. С.Н.Ефимушкин, Г.А.Сажаева: Инновационный путь развития экономики Израиля (мировой опыт)
https://www.researchgate.net/publication/316925678_Innovacionnyj_put_razvitiya_ekonomiki_Izraila_mirovoj_opyt

УДК 33.338

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТАҒАМДЫ ТАРАТУҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРЛЕРІ

Сейданова Аделина Габитовна

Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру кафедрасының студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Ғылыми жетекші- Сулейменова Ш.Т.

АНДАТПА

Технология мен азық-түлікті тарату барған сайын табиғи одақтастарға айналуға, өйткені бизнес өз процестерін жақсарту үшін технологияны пайдалануды жалғастыруда. Азық-түлікті тарату ерекше емес, сондықтан бұл мақалада саланың жағдайын және ұйымдардың бәсекеге қабілетті болу үшін технологияны қалай қолданудың мәселесі қарастырылған.